



MUNAILY EKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 20 (483)

30/11/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

Алик Айдарбаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды



Алик Серікұлы Айдарбаев «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның бұйрығымен 2018 жылғы 20 қараша күні «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының төрағасы қызметіне тағайындалды.

Алик Серікұлы 1963 жылы 19 мамырда Алматы облысы, Александровка ауылында дүниеге келген.

1985 жылы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кенорындарын игерудің технологиясы және кешенді механизациясы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1985 жылы бастады. Әр жылдары «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ оператор-технологы, қабат қысымын ұстау цехы басшысының орынбасары,

«Оңтүстікқазмұнайгаз» МАҚ қабат қысымын ұстау учаскесінің басшысы, мұнай және газ өндіру цехының басшысы, бас директорының орынбасары, бірінші вице-президенті, «Торғай-Петролеум» АҚ бас директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, ҚР Инвестициялар және даму министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

2018 жылдың қаңтарынан бастап қараша айына дейін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болды.

Бүгінгі санда:



3

Ұжымдық шартқа қол қойылды

Ұлттық компания басшысы мұнайшылармен кездесті

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы болып жуырда ғана тағайындалған Алик Серікұлы Айдарбаев өз қызметін қарапайым мұнайшылармен кездесуден бастады. 25-26 қараша күндері Жаңаөзен қаласына жұмыс сапарымен келген ол «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының өндірістік құрылымдарын аралап, еңбек адамдарымен емен-жарқын араласып, олардың еңбек жағдайларымен жақынырақ танысты.

Алик Серікұлы ең алдымен өндірістің құрылымдық бөлімшелеріне барып, кенорында еңбек етіп жатқан мұнайшылармен жүздесті. Өзен кенорындағы мұнайшылардың әлеуметтік жағдайларын олардың өздерінен естіген Ұлттық компания басшысы аталмыш компанияның мұнай дайындау және ауыстырып құю цехында, мұнайкәсіпшілігі құрал-жабдықтарын жөндеу және технологиялық коммуникация басқармасында, жерасты құрал-жабдықтарының диагностикасы мен жөндеу жөніндегі цехтарды аралап көріп, еңбек адамдарының өздеріне тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқарып жатқанына көз жеткізді. Сондай-ақ кәсіпорынның суды алдын ала төгу қондырғысының, скважиналарды жерасты және күрделі жөндеу қондырғыларының жұмыстарын жүргізу барысын бақылап шықты.

Алик Айдарбаев мұнайшылармен кездесу барысында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлттық компанияның алдында қойып отырған бірқатар нақты тапсырмаларды орындау жолында еңбек адамдарының жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түскенін тілге тиек етті. Сонымен қатар мұнай-газ саласының компаниялары арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру керектігін алға тартты. Мұнай өндірудің өзіндік құнына кіретін еңбекақы мөлшерінің аз еместігін айтқан ол алдағы уақытта өндіріске қарқын бере отырып мұнай өндіру көлемін ұлғайту керектігін де қадап айтты. Өзен кенорының әлеуетін бұрыннан жыға танытын жаңа басшы айты-

лып отырған мәселелердің өзі үшін жаңалық еместігін айта келе, қордаланып қалған сұрақтарды мүмкіндігінше тезірек шешу жолдарын қарастыратынын да жеткізді.

Өндірістік бөлімшелерді аралап шыққаннан соң Алик Серікұлы өндірістік құрылымдық басқармалардың басшыларымен, кәсіподақ ұйымының төрағаларымен және еншілес мекемелердің басшылық құрамымен кездесті. Кездесуде компанияда әлеуметтік және өндірістік бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы егжей-тегжейлі сөз болды. Бірқатар өзекті мәселелер бойынша Алик Серікұлы жиналғандармен пікір алмасты. Компанияда биыл атқарылған жұмыстар мен олардың алдағы жоспарларымен тереңірек танысқан Алик Серікұлы бірқатар мәселелер төңірегінде, әсіресе, аутсорсинг, мораторий мәселелері бойынша өз ойларымен бөлісті.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамындағы кездесу барысында Алик Серікұлы сонымен қатар кәсіпорынның әрбір қызметкері атқарып отырған жұмыс ел экономикасы үшін аса маңызды екенін және Ұлттық компания мұнай саласында еңбек етіп жатқан жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын, жас мамандар біліктілігін арттыру мәселесін ұдайы назарда ұстап отыратын ерекше атап өтті. Кездесу барысында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының басшысы түрлі сауалдарға жауап беріп, бүгінгідей жаһандану заманында өндірісте кездесетін барлық қиыншылықтарды бірлесе отырып шешудің аса маңыздылығына ерекше тоқталды.

Жұмыс сапары барысында ҚМГ Басқарма төрағасы Жаңаөзен қаласының ақсақалдарымен жүздесіп, халықтың жағдайымен танысты.



5

«Hand-made» қайырымдылыққа жұмсалады



8

Балаларға арналған бес алаң

Мұнайшылар пікірі

Ұлы даланың жеті қыры

Жәнібек НҰҒЫМАНОВ,

«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры:

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы «Рухани жаңғыру» мақаласының заңды жалғасы іспеттес. Аталған мақалада дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы қазақ халқының тарихына тоқталып өтеді. Өзі айтпақшы, «қазақ тарихында ұрпақ ұялатындай ештеңе жоқ».

«Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал, жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды», – дейді.

Елбасы мақаласында Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдары бар екендігін айтады. Расында да, самұрық, жезтырнақ, таутайлақ тәрізді миф пен ертегі кейіпкерлері кино өнеріне сұранып тұрған жоқ па?!

«Уәжге түйе де шөгеді» демекші, Елбасы көтерген рухани жаңғыру мен сананы жаңарту ұлттық сапаны көтеру болып табылады.

**Мәдина ТЕГІСБАЕВА,**

«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері:

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелгенін, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Яссауидің Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқанын айтады.

Президентіміздің Түркология конгресін өткізу туралы ұсынысы да ғалымдар тарапынан қызу қолдау тапты.

Өскелең ұрпақ қазақ елінің бай тарихы бар екенін біліп өсуі керек. Ешбір халық өзінің тарихын білмей, болашаққа қадам баса алмайды. Мақала бізге ата-бабаларымыздың ұлығын еске салуымен құнды.

«Мен үшін елімді дамыған елдердің қатарына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ» дейді Елбасы бір сөзінде. Біз Елбасымен мақтанамыз.

**Гүлшат ЖҰМАҒАЛИЕВА,**

«Доссормұнайгаз» МГӨБ архивариусы:

Кең байтақ дала төсінде қоныс теуіп, мекен еткен қазақ халқының тарихы тереңде жатыр. Саясаттың салқыны, қала берді әр дәуірдің қилы-қилы кезеңдері ұлттық болмысызды толық айқындауға кедергі болды. Ал, сол олқылықтың орнын толтырып, өткенімізді түгендеуге мүмкіндік беретін Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы – ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол.

Бұл мақала жарияланған күннен бастап үлкен қолдауға ие болғаны ақиқат. Өйткені, ұлттық болмысыздың өзіндік ерекшелігін, құндылықтарын айқындады. Тарихтың берер тағылымы мол. Оған дәлел – Атырау өңіріндегі Сарайшық, Ақтөбе-Лаэти қалашықтары, Жылыой жерінен табылған Алтын адам, Қызылқоға жеріндегі сарматтар дәуірінің бұйымдары, Индер ауданындағы

«Теректі» қабірінен табылған XI ғасырға жататын салмағы 30 келі темір сауыт және тағы басқа құнды жәдігерлер.

Мемлекет басшысы қазақ халқының тарихын тұтас қалпында зерделеу, ғылыми тұрғыдан терең зерттеу қажеттігін баса айтты. Тарих қойнауына терең үңіліп, ауқымды зерттеулер жүргізу үшін жеті жылдық «Архив-2025» бағдарламасын ұсынды. «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы тарихы ғасырдан астам уақытты қамтиды. Осы жерде 1911 жылы №3 ұңғымадан 225 метр тереңдіктен юра қабатынан мұнай фонтаны атқылады. Сол кезден бастау алған тарих бүгінгі күнге дейін қалыптасып, дамып келді. Бұл мұнай фонтаны Ембі ауданының келешегінен үлкен үміт күттіріп, оның атағын бүкіл әлемге жаяды және ол тек Ресей ғана емес, шетел өнеркәсіпші топтары тарапынан да үлкен қызығушылық туғызды. Көптеген атақты мұнайшылар осы жерден тәрбиеленіп шықты. 1917-1920 жылдары болған оқиғалар, төңкерістер, азамат соғысы дамып келе жатқан мұнай кәсіпорнын

қиратып, жұмысына тежеу салды. Алайда, еш қиындыққа қарамастан, Доссор өз жұмысын жалғастыра берді. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында мұнайы аймақтың ұл-қыздары жеңіс сағатын жақындату жолында айтарлықтай үлес қосты. Бұрғылау ісінде соққылы-галицийлік бұрғылаудан бастап айналсоқ, жылдамдатылған роторлық турбиналық бұрғылау тәсілдерін басынан өткізді. Мұнай өндірудің фонтандық, қолмен тартатын желонкалық тәсілінен бастап қазіргі технологиялық әдістерді игерді. Бастапқы кезеңде Доссор мұнайы жер қоймаларда сақталды, кеспектерге құйылып, түйеге теңдеп артылып және көлік арбамен Рақуш кентіне тасылды. Міне, осылайша Ембідегі мұнай кәсіпшілігі ісі қалыптасып, дамуының барлық сатылары мен кезеңдерінен өтті. Басқарамыздың мұнай өндіру тарихынан сыр шертетін осынау құнды деректер біздің мұражайымызда сақталған.

Архив – тарихтың қайнар бұлағы. Төл тарихымызды жан-жақты танытуда оның орны ерекше. Мұрағат – кез келген халықтың



рухани-мәдени өмірі жайынан сыр шертетін деректі шежіре, келер ұрпақтың мүддесіне кәдеге асатын мәңгілік таусылмас қазына. Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болуы мүмкін емес. Елбасының «Архив-2025» бағдарламасы ата-бабаларымыздың тарихын, олардың салт-дәстүрін, өмір жолдарын білу келешек ұрпақ үшін де бірден-бір құттарлық іс деп ойлаймын.

«ҚазГерМұнайда» – жаңа басшы



26 қараша күні Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Евгений Ким, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ мұнай және газды өндіру жөніндегі директоры Қуанышбай Нұрғалиев және «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ игеру және күрделі құрылыс жөніндегі вице-президенті Болат Көшербаев «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС Бас кеңсесінде жұмыс сапарымен болды. Сапар барысында Серіктестіктің басшылық құрамымен кездесу өткізді.

Ұжымға «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы тағайындаған «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС Бас директоры Мұрат Кеңесбайұлы Мұстафаев таныс-

тырылды. Бұл қызметке дейін Мұрат Мұстафаев «ҚазМұнайГазГЖЗИ» ЖШС Бас директоры лауазымын атқарған. Енді М.Мұстафаев еңбек жолын Сыр өңірінде жалғастыратын болады.

Ал Серіктестіктің бұрынғы бас директоры Есен Қайржан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының сатып алу жөніндегі басқарушы директоры болып тағайындалды.

Өңір басшылығы Есен Қайржанұлына кәсіпорынға сіңірген еңбегі үшін алғысын білдіріп, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамотасын табыстады.

ӨМІРДЕРЕК

Мұстафаев Мұрат Кеңесбайұлы 1972 жылы 21 қыркүйекте дүниеге келді. Қызылорда политехникумын, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің геологиялық барлау факультетін «Тау инженер-геологы» мамандығы бойынша бітірді. Іскер әкімшілік магистрі дәрежесіне ие.

Еңбек жолын 1997 жылы «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ-да мұнай мен газды өндіру бойынша 2-ші дәрежелі оператор қызметінен бастады. Әр жылдары «ХаррикейнҚұмкөлМұнай» АҚ-да бригаданың аға операторы, инженерлік қызмет ұңғымаларын зерттеу бойынша 5-дәрежелі операторы, «Қуат Амлон Мұнай» БК бас кеңсесінде дала геологы, «Торғай – Петролеум» АҚ-да жетекші геолог – геология қызметінің басшысы, игеру жөніндегі жетекші инженер, игеру бөлімінің бастығы, бас геолог, геология және игеру жөніндегі директоры, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да бас геолог, бас директордың геология жөніндегі кеңесшісі, геологиялық барлау жөніндегі басқарушы директор қызметтерін атқарды.

2016 жылы «ҚазМұнайГазГЖЗИ» АҚ-да қоржындық менеджмент жөніндегі бас директордың бірінші орынбасары, Бас директоры (Басқарма төрағасы) лауазымдарында болды.

ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы» дипломы және төсбелгісімен марапатталды.





Ұжымдық шартқа қол қойылды

23 қараша күні «Қаражанбасмұнай» АҚ Президенті Ли Тецянь және «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлері жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Айтбай Кужухов 2019-2021 жылдарға арналған ұжымдық шартқа қол қойды. Жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы өзара келісімге негізделген маңызды құжат алдағы жылдың басынан қолданысқа енеді.

Сөз алған «Қаражанбасмұнай» АҚ Президенті Ли Тецянь, Бірінші Вице-президенті Сүйіндік Алдашев және кәсіподақ төрағасы Айтбай Кужухов құжаттың маңыздылығына тоқталып, алдағы бірлескен жұмыстардың табысты боларына сенім білдірді.



ХАБАРЛАНДЫРУ

АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ



«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2018 жылдың 10 тамызында ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын қайта сатып алу бағдарламасы жарияланды. Артықшылықты акцияларды сатып алу Қазақстан қор биржасында жүргізіледі. Акцияны қайта сатып алу бағасы бір акцияға **12 800** теңге.

Акционерлерден келіп түскен өтініш санының көптігіне байланысты ҚМГ БӨ директорлар кеңесі артықшылықты акцияларды қайта сатып алу мерзімін **2019 жылдың 31 қаңтарына** дейін ұзартқаны белгілі. Акцияларды сатып алуға ұсыныстар **2019 жылдың 30 қаңтары сағат 17:00-ге** дейін қабылданды.



«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» ҚР Заңына сәйкес резидент еместермен азаматтық-құқықтық мәмілелер жеке басты куәландыратын құжаттар бойынша жасалады. Демек, акцияны сату үшін резидент емес акционерге **шетелдік паспорт** қажет. Сондай-ақ, оның брокерде есеп шот ашу, тіркеушінің комиссиясын төлеу және Қазақстанда ақшаны алу мақсатында банктік есепшот ашу үшін Қазақстан Республикасының салық органдары берген **ЖСН** (жеке сәйкестендіру номері) болуы тиіс.

Қазақстанға келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, акционер Қазақстанда тұратын адамға **сенімхат** рәсімдеп, оны почтамен жолдай алады. Сенім берілген адам акционердің акцияларын сату үшін тұрғылықты жеріндегі тиісінше ұйымдарға жүгінеді.



Есептесу ұлттық валюта – **теңгемен** жүргізілетінін қаперлеріңізге саламыз.



На пороге «Большой автоматизации»

22 ноября в АО НК «КазМунайГаз» состоялась инфосессия с руководством дивизионов и дочерних организаций по проекту «Трансформация основных бизнес-функций и внедрение ERP» Программы трансформации с целью активной вовлеченности в дальнейшую работу.

Как отметил Даурен Карабаев, Спонсор проекта, заместитель председателя Правления – финансовый директор КМГ в настоящее время в рамках перехода на новую операционную модель и сокращения уровней управления посредством ликвидации субхолдингов реализуется инициатива по объединению систем SAP корпоративного центра и АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз». Как запланировано, с 2019 года сотрудники КМГ и вошедшего в его состав РД КМГ начнут работать в единой системе. Что касается проекта SAP ERP, то он представляет собой более масштабную автоматизацию в группе компаний КазМунайГаз.

Руководитель проекта Валерий Токарев проинформировал о реализации проекта. В частности, ERP будет объединять КЦ КМГ и 6 ключевых производственных ДЗО по трем основным направлениям деятельности нацкомпании – «Разведка, добыча и нефтесервис»

– «Озенмунайгаз» (ОМГ) и «Эмбаунайгаз» (ЭМГ), «Транспортировка, переработка и маркетинг нефти» – «КазТрансОйл» (КТО), Павлодарский нефтехимический завод и Атырауский нефтеперерабатывающий завод, а также «Транспортировка и маркетинг газа» – «Интергаз Центральная Азия» (ИЦА).

В ходе 1-ой волны реализации проекта, завершившейся в июне текущего года, разработана методология и детализированы до 4-го уровня такие целевые бизнес-процессы, как бухгалтерский, налоговый и управленческий учет, казначейство и корпоративные финансы, управление проектами, производством, обеспечением товарами, работами и услугами (ТРУ), техническим обслуживанием и ремонтами (ТОиР).

В рамках 2-й волны реализации, которая стартует с 1 января 2019 года, намечена подготовка проектных решений (корпоративных шаблонов) по автоматизации ряда производственных и финансовых бизнес-процессов и непосредственно внедрение SAP ERP S/4 HANA. В пилотном режиме в течение будущего года система будет внедрена в КЦ КМГ и ИЦА. Далее до 2022 года начнется поэтапное тиражирование в других компаниях в периметре проекта. При этом предусмотрена интеграция с уже действующими на предприятиях КМГ автоматизированными системами.

Как было подчеркнуто на встрече, в целом SAP ERP S/4 HANA обеспечивает единый источник и оперативность информации для принятия управленческих решений, прозрачность этих решений, качество и согласованность данных, предоставляет воз-

можность для анализа отчетности с доступом к первичной документации. В стратегическом плане ее внедрение будет способствовать росту доходов компании, увеличению рыночной стоимости активов, сокращению расходов от инвестиционной и операционной деятельности при одновременном росте производительности труда и операционной эффективности, оптимизации оборотных фондов, улучшению налоговых процессов.

Члены проектной команды ответили на вопросы принявших участие во встрече

представителей ИЦА, ЭМГ, КТО, а также подключившихся к мероприятию по видеоконференцсвязи специалистов ОМГ, АНПЗ и ПНХЗ. Отметим, что активная вовлеченность экспертов ДЗО в предстоящую работу имеет важнейшее значение для успеха данной инициативы Программы трансформации.

Материал подготовлен командой Трансформации АО НК «КазМунайГаз»





Назарбаев университеті – мұнай кәсіпшілігінде

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына Назарбаев университетінен бір топ өкіл келді. Қонақтар өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарын қойып, мамандардан тұщымды жауап алды.



Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров компанияның атқарып жатқан жұмыстары туралы әңгімелеп, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі бағытындағы жетістіктерге тоқталып, жан-жақты түсінік берді.

Делегация МӨЖТКЖБ, Жер жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехы нысанда-

рымен танысып, №1 МГӨБ өндіріс аймағында орналасқан №6411 көлбеу қазылған скважинаны көрді.

«Акционерлік қоғамның әр қызметкері еліміздің экономикасына өз үлесін қосуда. Компанияда мұнайшылар үшін жақсы әлеуметтік жағдай мен жұмысқа қолайлы мүмкіндіктер жасалған», – деп сөзін қорытындылады Мақсат Оңғарбайұлы.

Еңбек адамы

Барды бағалай білу – бір бақыт



Аружан, Гүлмира атты сүйкімді балапандардың атасы Дүйсекең «Абай «татулықтан артық жолдас жоқ» депті ғой. Біздің ұжымымыз өте тату. Шеберлеріміз Серік Шотбаев пен Келдібай Елдесбаевтарға дән ризамыз. Жұмыстарына тыңғылықты жігіттер бізден жұмысты қатаң талап етеді. Мен өзіме берілген тапсырманы уақытында және сапалы орындауға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Слесарь жұмысы – елеусіздеу болғанымен, ептілікті, дәлдікті қажет ететін маңызды жұмыс. Күш-қуатым бар кезінде Скважиналарды жерасты жөндеу бригадасында да оператор болып жұмыс жасадым. Еңбек демалысымда «Сарыағашқа» барып демалып қайттым. Заманауи үлгіде салынған тұрмыстық-шаруашылық кешен біздің көңілімізден шығады. Қысқатолқынды пеш, кондиционер, тоңазытқыш сияқты тұрмыстық заттар істен шықса, дереу әлеуметтік әкімшілік қамту бөлімі мамандарына хабарласамыз. Олар құстай ұшып жетіп, қажетті заттарымызды лезде жөндеп береді. Ең азы есік шикылдап немесе дұрыс жабылмай тұрса да, аталған бөлімге хабарласып, жөнетіп аламыз.

Өндірістік аймақта біз сияқты қарапайым жұмыскерлерге қолайлы еңбек жағдайы жасалған. Тек бел шешіп жұмыс істеу керек. Біз барды бағалап қана қоймай, оны

сақтаудың да жолдарын меңгере білуіміз керек» дейді.

Иә, жақсылықты көре білу, сүйсіне білу де кісілікті білдіреді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ №2 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №45 топтық қондырғыда слесарь-жөндеуші болып жемісті еңбек етіп жүрген Дүйсенғали Бекмағамбетов – өз ісінің шебері. 28 жылдан бері мұнай саласында тынбастан еңбек етіп жүрген тәжірибелі маман басшылық тарапынан бірнеше Алғыс хатпен марапатталды.



Еңбек – табыс көзі

«Өзенмұнайгаз» АҚ №2 МГӨБ қарасты 18 топтық қондырғыда слесарь-жөндеуші болып өнімді жұмыс атқарып жүрген Сәбит Ықыласов өзінің әріптесі Байбол Жанәділовпен ағалы-інілі туыс адамдардай болып кеткендігін айтады. Жұмыстың бір жақсысы – адамдарды бір-бірімен тығыз байланыстыратыны рас.

Сәбиттің жұмысы таңертең қондырғылардың қысымын өлшеуден басталады. Жанып тұрған пештердің сөніп қалмауын қадағалайды. Тығырықты тексереді. Жарамсыз болса, тығырықты қайтадан жаңартып соғады. Қондырғылардың ақауын жөндейді.

Жұмыскер жан бірнеше рет мамандардың кәсіби шеберлігі сынға түсетін «Үздік маман» байқауына қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Бос уақытында жеміс-жидек өсіретін Сәбиттің өсірген жүзімін жеген адам қайта барып жегісі келеді. Жұмыс орнындағы көгалдандыру жұмысына да белсене қатысатын Сәбит өндірістік аймақтың экологиялық ахуалының жақсаруына тамшыдай болса да, үлес қосып жүргендігін мақтан тұтады.

Еңбек демалысында «Жаңақорған», «Кендірлі» шипажайларында демалып жүрген С.Ықыласов еңбек адамының денінің саулығы, біліктілігі мен тәжірибесі компанияның баға жетпес байлығы екендігін айтады.

«Суға ау салмаған жан алтын балық туралы армандамайды. Еңбек етпей, табысты боламын деу қисынға келмейді. Табыстың көзі – еңбекте» дейді Сәбит.



Тәжірибе алмасу

Жаңашылдық жетістікке жетелейді



«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Сәлімжан Нақпаев бастаған мамандар Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласындағы «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясының әлеуметтік инфрақұрылымы бағытындағы жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында іссапарда болып қайтты.

Танымдық сапарға Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің басшылары, басқару аппаратының әлеуметтік саясат департаментінің, жұртшылықпен байланыс қызметінің және құжаттармен қамту тобының қызметкерлері қатысты.

– Тәжірибе алмасу – кәсіби қажеттілік. Осы мақсатта еліміздегі ірі мұнай-газ конденсатын өндіретін ірі кеніш Қарашығанақта болып, жұмысшыларға көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмектер мен өңірдің инфрақұрылымын дамыту мақсатындағы игі шаралардың орындалуымен танысу үшін екіжақты кездесу ұйымдастырылуда. Компаниялар арасындағы әріптестік байланысты нығайту арқылы жаңалыққа бағытталған жаңа шаралармен танысамыз, тың жобаларды жүзеге асыру жолында бірлескен жұмысты жандандырамыз деген ойдамыз, – деп атап өтті кездесу барысында ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Сәлімжан Нақпаев.

Сапар барысында ембіліктер Қарашығанақ кен орнының әлеуметтік нысандарында болып, жұмысшыларға жасалған әлеуметтік

көмектермен жан-жақты танысты. ҚПО мамандары ЕМГ өкілдеріне кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік пакет шеңберінде қызметкерлерге көрсетілетін медициналық қызмет, демеушілік пен қайырымдылық жобаларының жүзеге асуы туралы айтып берді.

Сондай-ақ, ЕМГ қызметкерлері «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (НКОК) компаниясының әлеуметтік инфрақұрылымы бағытындағы жұмыстарымен тәжірибе алмасу мақсатында «Самал» вахталық қалашығында да іссапарда болып қайтты.

Сапар барысында ембіліктер аталған вахталық қалашықтағы жатақхана жағдайымен, асхана жұмысымен, қызметкерлердің демалыс орындарымен кеңінен танысты. НКОК мамандары ЕМГ өкілдеріне кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау, қызметкерлерге көрсетілетін медициналық қызмет туралы баяндады.

Компаниялар арасындағы әріптестік байланысты нығайту арқылы тың жобаларды жүзеге асыруға болады. Сапарлардың қорытындысында ембіліктер осындай ой түйді.



Жәрмеңке



«Hand-made» қайырымдылыққа жұмсалады

Өткен аптада «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде «Аяз атадан сыйлық» атты дәстүрлі қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Бұл қайырымдылық шарасын ұйымдастырудағы басты мақсат – жәрмеңкеден түскен қаражатқа аз қамтылған отбасы балаларына жаңажылдық сыйлық алу.

Жергілікті 3 суретші авторлық туындыларын, «Hand-made» қоғамдастықтарының 7 шебері, қолөнершілері, зергерлер мен компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері – «Ембімұнайэнерго» басқармасының өндірістік қызмет көрсету учаскесінің жұмысшысы Жанәбіл Рахметов пен релейлік қорғау, автоматтандыру және метрология бөлімшесінің инженері Ильярика Дятлова өздері дайындаған қолөнер бұйымдарын

жәрмеңкеге ұсынды. Қайырымдылық шарасында екі шебер дайындаған қолөнер бұйымдары үлкен сұранысқа ие болды.

– Жыл сайын «Ембімұнайгаз» қайырымдылық жәрмеңкесін өткізу игі дәстүрге айналып келеді. Жаңа жылды асыға күтіп жүріп, айналадағы адамдардың барлығының бақытты болғанын, армандардың орындалғанын қалаймыз. Алайда, әр ата-ана баласының арманын орындауға, сыйлық алып беруге қауқары

жете бермейді. Осыған орай, балаларға қуаныш сыйлау мақсатында әріптестеріміз биыл да осы шараны ұйымдастырды. Біз адал ниетпен бастаманы қолдап, осы мерекені белсенді түрде өткізуге атсалыстық. Қолдан келген өнерімізді аямадық. Осылайша, балаларды қуантуға кішкене болса да үлесімізді қостық деп есептеймін. Әр сәбиге бақытты балалық шақ тілейміз, – дейді ЕМГ қызметкері Анжела Бударина.

Қайырымдылық шарасынан түскен 345 190 теңге толығымен көмекке мұқтаж отбасыларға жұмсалады. Орталық басқару аппаратының қызметкерлері А.Бударина, Ж.Арықбаева, келешекте дамыту блогының жас қызметкерлері Ә.Калибекова, Б.Ерниязова, Г.Калипина, Э.Давлеталиева да жәрмеңкені өткізуге атсалысып, өз қолымен дайындаған бұйымдары мен тағамдарын ұсынды.





Қыр астында қылаңдайды қырық жыл...

Бір айдан кейін табалдырықтан атайтын 2019 жыл қара алтынды Қаламқас кенорны үшін мерейлі белес. Кенорынға – 40 жыл толмақ. Қазақ елінің қазыналы қазаны – Қаламқас кен орны үшін келесі жылдың ерекшелігін ескере отырып, сөзбасы ретінде Маңғыстау өлкесінің ғана емес, Қазақстанның маңдайға ұстар, мақтан тұтар өндіріс орындарының бірі саналатын «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығының міндетін атқарушы Қазыбек Нұрмұхановпен сұхбатты оқырман назарына ұсынамыз.

– Қазыбек Нұрмұханұлы! Біздің тұсаукесер сұхбатымызды Қаламқас тарихының біреу біліп, біреу білмейтін жылнамасынан бастасақ...

– Қыр басынан қылаң беріп тұрған 40 жыл ішінде Қаламқас тарихи жолдан өтті. Қазір аяғынан тік тұрған кен орының қатарында.

Тарих қалай басталған еді деген сұрағыңа жауап берейін. 1975 жылы Гурьев геофизикалық экспедициясының мамандары зерттеу жұмысын жүргізіп, Қаламқас қойнауында мұнай қорының мөлшері жарты миллиард тоннадан астам екендігін анықтайды.

Бүгінгі Қаламқас кенорнының жылнамасы сонау 1976 жылғы қытымыр қаңтар айының 30 жұлдызынан бастап жазылады.

Дәл сол күні «Мангышлак-нефтегазразведка» тресінің барлаушылары бүгінде Қазақстандағы ірі мұнай-газ кенорнының бірі болып табылатын Қаламқас кенорнының №К-1 ұңғысынан (бұрғылау шебері Алексей Иванович Волочаев) алғашқы газ бұрқағының атқандығы туралы баяндама жасайды. Көп ұзамай, сол жылдың 24 шілдесі күні Қаламқас кенорнының №3 ұңғысы (бұрғылау шебері М.И.Кривцов) алғашқы барлау мұнай бұрқағын береді.

Барлаушылар түбек халқының болашағын жаңа өндірістік нысанмен байланыстырып, зор қуанышқа кенелтеді. Осы бір елеулі оқиғалар тізбегінен кейін мемлекет басшылығы Бозашы аймағына аса зер салып, СОКП мен Министрлер Кеңесінің шешімдерімен «Расширить геологоразведочные работы на нефть и газ в западном Казахстане, ускорить освоение нефтяных месторождений на полуострове Бузачи» деп Қаламқасты жедел игеру міндетін қойды.

Нәтижесінде сол кездегі Кеңес Одағының Геология министрлігі, Мұнай өнеркәсібі министрлігі, Мұнайгазқұрылыс министрлігі, Энергетика министрлігі және т.б. кәсіпорындары абыройлы іске жұмылдырылып, мұнай құбырларының, электр тасымалдау желілерінің, автожолдың, басқа да қажет объектілердің

құрылыстары қарқынды жүргізіліп, өндіріс ошағын дамытумен қатар, өлкеде ауылды өркендетуге, халықтың мәдениетін, тұрмысын жеңілдетуге теңдессіз ықпал етті.

Ал, Қаламқасты ресми өндірістік жылнамасы 1979 жылдың 23 тамызынан бастау алады. Осы күні Қаламқас кенорнының №66 ұңғысынан алғашқы өндірістік мұнай бұрқағы атты. Бұл күні «Бозашы түбегінде мұнай жоқ» деп күмәнданғандардың теріс пікірлері жоққа шыққан еді.

Вахта басында мұнай өндіру шебері Көшербай Әлібаев, операторлар Орынбасар Шадияров, Сәндібек Тілеуов, Әділғазы Мұстапин болған еді. Қаламқастықтар сол 1979 жылдың аяғына дейін 73 мың тонна «қара алтын» өндіріп, 1980 жылғы 2 қараша күнгі сағат 12-де Көшербай Әлібаевтың бригадасы құрметті вахтаға тұрып, кенорнының 1 000 000 (бір миллионыншы) тонна «қара алтын» өндірді. Құрметті вахта құрамында бұл жолы да операторлар Орынбасар Шадияров, Сәндібек Тілеуов, Әділғазы Мұстапин және Мария Өтегенова болды.

Бұл кездейсоқ цифрлар емес, ол Бозашының қытымыр қысында, аптап жазында бір сәт тағат таппай жан беріп, жан алысқан құрыш қол мұнайшының ащы тері мен ғылым-білім жолындағы тынымсыз ізденістерінің нәтижесі. Қаламқас «арудың» жылнамасын ғылыми көзқараспен саралар болсақ, сонау 1976 жылдан бастап күні бүгінге дейін кенорын аумағында өндіріс пен инновация қос бұрымдай тығыз өріліп келе жатыр. Мысалы, 1979 жылы пайдалануға қосылған бойда қабаттың мұнай қайтарымын арттыру мақсатымен Қаламқас кенорнында беттік белсенді заттар қоспаларын айдайтын тәжірибелік учаске ашылып, кейін мұнай өндірісінің технологиялық процестерін химияландыру жөніндегі аймақтық «Мангышлак-нефтепромхим» басқармасы құрылды. 1980 жылы Қаламқас кенорнында мұнайды полиметрлік әдіспен өндіру тәжірибесі басталды. Қазіргі таңда өңірімізде кең таралған жер қабатына қыздырып әсер ету әдісі де осы Бозашы түбегінен бастау алған-ды. Сондай-ақ, мұнай өндіруді арттыруға елеулі пармен берген қабаттағы мұнай көздерін үлкен қысыммен жару әдісі;



жөндеуаралық мерзімін ұзартып, күтіп ұстауға кететін шығынды едәуір қысқартқан бұрандалы сорап қондырғылары; 95 пайызға дейін мұнайды тазарта алатын алдын ала су айыру қондырғысы; теңіз флорасы мен фаунасын экологиялық қауіптерден сақтап әрі кенорынды теңіз жақтан жиі соғатын алып толқындардан қорғау мақсатында жағалауға тұрғызылған ұзындығы 32 километрлік, ені 8, ал биіктігі 5 метрлік дамбы-бөгет; газ турбиналық электр стансасы; Қияқты тұщы су кенорны сияқты тағы басқа көптеген озық үлгідегі қондырғылар мен ғылыми жаңалықтар ел игілігіне қызмет етіп, өндірістің тасы өрге домалап келе жатыр.

Кенорын қуаты мен әлі өндірілуге тиесілі мұнай көлемін, жасалып жатқан ғылыми-техникалық ізденістерді ескерсек, кенорын жылнамасы әлі неше ұрпаққа жалғасып, оған жазылар елеулі оқиғалар алда деген сенім ұялайды. Осы орайда еңбегімен елдің батысын алған, Бозашы түбегінің түлеуіне ерен еңбегін сіңірген мұнай майданының мыңдаған қаһармандарының адал еңбегі өлке тарихында мәңгі қалары сөзсіз.

– Қазыбек Нұрмұханұлы, бүгінгі сұхбатымызды оқырман Қаламқастың 40 жылдық тарихына арналатын әңгіменің әлқиссасы деп қабылдасын. Танымды әңгімеңіз үшін Сізге алғысымыз шексіз!



Мұнайшылық – ата кәсіп

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға қарасты Жетібай кенорнында еңбек етіп келе жатқан бүгінгі кейіпкеріміз Алмагүл Абатқызы еңбекпен есейген жылдарына дән риза.

Еңбек жолын 1987 жылы операторлықтан бастаған Алмагүл Оразалиева бүгінде геолог мамандығының нағыз майталманы. №3 мұнай және газ өндіру цехында ғана емес Жетібай кенішінде білікті геологты білмейтін адам некен-саяқ.

Әкесі Абат Мәскеудегі М.Губкин атындағы мұнай мен газ университетін тәмамдаған, шеттен білім алған білікті мамандардың алғашқы сапынан еді. 1958 жылы құрылған Батыс Қазақстан геология басқармасында жемісті еңбек етіп, кейіннен дүние салды.

– Әкем өмірден озғанда бала едім. Ол кісінің еңбек жолын есейе келе бауырларымнан естіп-біліп, кейін «мұнайшы болсам» деген арманның жетегіне ілестік қой. Мақсат орындалды. Сонау Жайық бойынан жылжып, мұнайлы мекенге тұрақтадық.

Атырауды тастап, Маңғыстау қайдасың деп тартып отырған Алмагүл қазыналы түбектен өмірлік бақытын кездестіріп, 1992 жылы үлкен шаңыраққа келін болды. Өсіп-өнген әулетті ел ішінде мұнайшылар династиясы дейді. Марқұм атасы Орынбасардың жолын қуған ұл-қыздары Баянсұлу мен Ағатай да мұнайшылар. Жары Жұма «Ойл-ТранспортКорпорэйшн» мекемесінде машинист болып еңбек етеді.

Өндіріспен бірге есейген Алмагүл Абатқызының естелігі бірлігі жарасқан мұнайшы әріптестері туралы жылы лебізге

толы. Бір кездері мұнай және газ өндіру цехының шебері болған Алик Айдарбаевтың еңбек мектебінен өткен қайсар қыз талай қиындықты қайсарлықпен ноқталап, қаймықпай күрескенін айтты.

– Ол кісіден көп нәрсе үйрендім. Шебердің аты шебер ғой. Жас болса да бас бола білді.

Өңкей «мен атайын, сен түр» дейтіндей атпал азаматтармен қанаттаса еңбек еткен мықты маманның еңбегі еш кеткен жоқ. Компания Басқармасының Құрметі мен Алғысынан өзге, төсбелгісі тағы бар. 30 жыл табан аудармай өлкенің өндірісін дамытуға бір кісідей үлес қосып, мұнайшылық ата кәсібін адал атқарып жүр. Өз жұмысының өндірістік қарқыны туралы Алмагүл Абатқызы былайша баяндады:

– №3 мұнай және газ өндіру цехында 80 адам екі ауысымда жұмыс істейді. Тәулік ішінде ұңғымалардың берген өнімдерін бақылап, қай ұңғының өнімі аз болса, соларды қадағалаймыз. Бір тәулікте өндірген өнімнің көрсеткіштерін есептейміз.

Түзде геолог, үйде адал жар, аяулы ана, жолдасы Жұма Амановпен 4 бала тәрбиелеп отырған Алмагүл көкейдегі көп мақсатының бірі – ұлын үйлендіріп, келін алып, немере сую екенін айтты. Ана арманы осы!

Қазақта «мандайы терлемегеннің қазаны қайнамайды» деген жақсы сөз бар. Істің көзін, еңбектің ебін тауып, қазыналы аймақтың қара алтынын халық игілігіне жаратуда Алмагүл Абатқызы секілді жандардың еселі еңбегі дәлел бола алады.

Жаннат КЕМАЛ



Ардагерлерге арқа сүйейді

Қараша айының 23 жұлдызында «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымдастыруымен еңбек ардагерлерінің басын құраған салтанатты жиын өткізілді. Жиынға серіктестік қабырғасында ұзақ жылдар бойы қызмет етіп, қазіргі таңда еңбек демалысына шыққан ардагерлер шақырылды. Қонақтар құрметіне арнайы дастарқан жайылып, мерекелік ас әзірленді.

Серіктестіктің ардагерлеріне арналған мерекелік шараға зейнеткерлермен қоса мекеме басшылығы және ұжымның аға буын өкілдері де қатысты. Мерекелік отырыста бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагерлер көптен көрісіп, бір-бірінің хал-жағдайын білісті. Серіктестік басшылығының тілегін тыңдап, әріптестерімен арқа-жарқа әңгімелесіп, көңіл көтеріп, жиын соңында ұжымға бата-тілегін жаудырды.

Басқосуда «ӨзенМұнайСервис» ЖШС директорының міндетін атқарушы О.Тарғынов Жаңаөзеннің 50 жылдығына орай «Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы» атағын иемденген ардагер маман Майлыбай Өтебайұлы марапатымен құттықтап, иығына шапан жапты. Сонымен қатар, мекеме атынан ардагерлерге бірқатар сый-сияпат табыс етіп, басшылық атынан ақ тілегін жолдады.

Салтанатты жиында қаланың белгілі өнерпаздары өнерлерін ортаға салып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» демекші, аталмыш шара еңбек ардагерлері мен Серіктестік арасындағы байланысты нығайтып, назарды тыс қалдырмай, үлкенге құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылуда. Жыл басында қолға алынған игі бастама жалғасын тауып, осымен екінші кезек өткізіліп отыр.

Қаламқас АМАНҚОСОВА



Суреттерді түсірген Мұрат БЕКМАҒАНБЕТОВ

Зейнет демалысына шығарып салды

Қаражанбас кен орнында ұзақ жылдар бойы өндірісте еңбек етіп, зейнет демалысына шыққан ардагер мұнайшыларға құрмет көрсетілді.

Өндірістік басқарма директоры Ин Ця-хун мен өндірістік басқарма директорының орынбасары Кәрім Бозахаров Қабат қысымын ұстау цехінің машинисі Райым Төлегенов пен

құрылыс жөндеу цехінің сырлаушысы Қамия Оспановаға айрықша алғыс білдіріп, өндіріске қосқан елеулі үлестері, ұзақ жылғы қажырлы еңбектері үшін компания басшылығы атынан марапаттар тапсырды.

Өз кезегінде сөз алған зейнеткерлер еңбек ұжымына алғыс айтып, көрсетілген құрметке ризалықтарын білдірді.



Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы

Майлыбай Өтебайұлы – адами биік қасиеттердің барлығын бойына сіңіріп, мамандығының майталманы, кәсібін нәсібін тауып, ғылымның да белесін бағындырған азамат. 1954 жылы Түрікменстан Республикасының Көне-Үргеніш ауданында дүниеге келді. Қазақ политехникалық институтын (қазіргі Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті) «мұнай және газ скважиналарын бұрғылау» мамандығы бойынша бітірген. Шалғайда тұрып, ақ арманының жетегімен Алматыға келіп, мақсатына жеткен жас маман диплом алған соң Маңғыстау түбегіне аттанған. Жас маман Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасында қатардағы бұрғышы болып еңбек жолын бастап, сол кезеңдегі Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының басшысы Нәсіпқали Марабаевтың мектебінен өткен. Н.Марабаев жастардың өндірісте ширғып, ысылуына үйретіп, бұрғышы кәсібін сүюге баулып, «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, абзал азаматтың жастарға көрсеткен тәрбие-тағлымы үлкен өмірге даңғыл жолдың бастауы болған. Қайсар мінезімен қиындықты жеңе білетін Майлыбай Өтебайұлы 1976 жылы барлау-бұрғылау бригадасына бұрғышы шебердің көмекшісі болып қызметін ауыстырған. Оның табиғи болмысы жігерлі, өжеттілігімен жетістіктерге жететін жандардың қатарынан бола білген. Істегі жауапкершілігі және айтқанынан қайтпайтын табандылығының арқасында М.Өтебайұлы өндірістің ауыр жұмысымен қатар ғылыми бағытта да ізденіп, біраз тер төккен.

Өндірістегі еңбек жолын ғылыммен ұштастыра білген азамат көп ұзамай аға технолог, ауысым бастығы, Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасында АИТҚ бастығының орынбасары, бастығы, Өндірісті техникалық жабдықтау басқармасы директорының бірінші орынбасары сияқты қызметтің белді буындарында абыройлы еңбек еткен. Ақтаудағы «Экономикс» ЖШС директорының орынбасары, «Круз» ЖШС атқарушы, техникалық директоры болып қызмет істеген.

Техника ғылымдарының докторы, Ресей Федерациясының Халықаралық экология және тіршілік қауіпсіздігі ғылым Академиясының академигі Майлыбай Өтебайұлы 25 ғылыми еңбектің, Қазақстан Республикасында 5 инновациялық патенттің және жоғары оқу орындарына арналған қазақ тіліндегі «Күрделі жағдайларда ұңғыларды бұрғылау және апаттық құралдар» кітабының авторы.

2007-2009 жылдары «Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау» мамандығы бойынша Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ-де, ал 2010-2013 жылдары Каспий қоғамдық университетінде Мемлекеттік аттестациялық комиссияның төрағасы атанған. Өндірістегі табыстары үшін «Өзен кен орнына 40-жыл», «Маңғыстау мұнайына 50-жыл», «Маңғыстау облысына 40-жыл», «Айрықша еңбегі үшін», Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ «Үздік түлегі», «Бекет Атаның 250 жылдығы» мерейтойлық медальдарымен, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның құрмет грамоталарымен марапатталған.



Демеушілік

Балаларға арналған бес алаң

Жуырда Атырау облысының үш ауылы мен облыс орталығының екі мөлтек ауданында «Samruk-Kazyna Trust» қорының демеушілігімен бірнеше балалар спорт және ойын алаңдары ашылды.

Әмбебап алаңдарды салудағы мақсат – халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру және олардың бос уақытын ұйымдастыру.

Естеріңізге сала кетсек, аталған қор

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының, соның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның атынан тұрғындардың әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асырып келеді.

– Қараша айының 17-23 күндері аралығында балалар мен үлкендерге арналған әмбебап алаңдар Атырау қаласының екі ірі мөлтек ауданы –

Тұрғындар қалашығы мен Алмагүлде, сонымен қатар, ЕМГ-нің өндірістік құрылымдық бөлімшелері орналасқан үш елді мекен – Мұқыр, Доссор, Аққыстауда ашылды. Бұл алаң «Менің елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында «Samruk-Kazyna Trust» қорының қолдауымен салынды. Аталған жоба қордың әлеуметтік инфрақұрылымды дамытумен қатар, азаматтық бастамаларды, тарихи-мәдени құндылықтарды дәріптеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы «Менің елім» әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында іске асты, – деп атап өтті Атырау қаласының Тұрғындар қалашығы мөлтек ауданындағы алаңның ашылу салтанатына қатысқан ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Сәлімжан Нақпаев.

Облыс аудандарындағы алаңдардың ашылу салтанатына Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелері өкілдері – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бас инженері Қ.Қоданов және «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары С.Мұхамбетов қатысты.

Облыста салынған барлық 5 алаңның жалпы құны – 278 миллионнан астам теңгені құрады.



Бірінші байлық – денсаулық!



Соңғы кезде өзенмұнайгаздық мұнайшылар арасында қауіпті аурулар қатарына жатқызылған инсульт пен инфарктің көбейіп кетуі – алаңдатарлық жағдай. Психолог мамандар бұл аурулардың басты себебіне жалғыздық пен тұйықтықты жатқызады.

«Топырлаған елдің ішінде жүрсе де жүрегі жалғыздықтан жабырқап тұратын адам өте көп. Ақтарылып әңгіме айтып, сыр бөлісетін адамы жоқ жан жүрек ауруына шалдығады. Дүрбелең дүниенің жұртшылықтың дегбірін алып, тынышын кетіргені соншалық, бүгінде әркім өз басымен қайғы. Бірі ұзақ жылға алған несие сін төлеумен әуре, біреуі үй салу үшін тепендеп жүр дегендей... Уайым адамды депрессияға, стресске апарды. Қазақтың «етің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда?» деген нақылы осындайға айтылса керек-ті», – дейді олар.

Ұйып қалған қан түйіршектері жүрекке қалып қойса инфаркт, мида қалса инсульт болады. Бұл ауруларға көбінесе ер-азаматтар шалдығып отыр. Дәрігерлер ер-азаматтарға ішімдіктен, темекіден үзілді-кесілді бас тартуды, қуырлықтан, майлы асты шектеуді ескертеді. Аталған ауруға шалдығу – бей-берекет өмір сүретін адамдар арасында жиі кездесетіні ақиқат.

Сонымен бұл аурулардың алдын алу үшін не істеу қажет деген сауалға жауап іздеп көрейік. Тағы да дәрігер-мамандардың пікіріне жүгінуге тура келеді. Олар біздерге шахмат ойнауға, тақпақ жаттап, сөзжұмбақтар шешуге кеңес береді. Әлдекімге бұл баланың ойыны сияқты болып көрінуі мүмкін. Алайда, адамның денінің сау болуы үшін миының белсенді жұмыс жасауы шарт, яғни, миыңызды «шаң басып қалмау үшін» үнемі дамытып отырыңыз. Ауруға шылдықпау үшін дұрыс тамақтанудың да рөлі зор. Тамақты артық, талғамсыз жеу диабет, рак, жүрек ауруларына апарды. Ауырғыңыз келмесе, дұрыс тағамдарды тұтыныңыз. Бұл дегеніңіз – адам «тірі» тамақ ішу керек деген сөз. Жеміс-жидек, сүт, қымыз, шұбат. Қанттың орнына бал жеңіз. Бал көп дертке шипа болады. Бүгіннен бастап, қазірден бастап алдымызға ауырмай, ұзақ ғұмыр кешейік деген мақсат қояйық!

«Жігіттің дені сау болса – дәулет» депті Құтып бабамыз. Бүгіннен бастап күн тәртібіңізді реттеп, өз өміріңізді тәртіпке келтіріңіз! Инфаркт пен инсультқа тап болған адам не көз жұмады, не мүгедек боп қалады. Тілсіз, қимылсыз, сырт көмексіз еш нәрсеге қауқары жоқ «тірі өлікке» айналады. Бір мүгедек пайда болса, бүкіл отбасының тіршілігі өзгереді.

Тоқтат, әр адам – өз бақытының ұстасы. Сіздің денсаулығыңыз да өз қолыңызда. Дұрыс тамақтанып, спортпен дос болсаңыз, тәніңіз сау болады. Кітап құмар болсаңыз, жаныңыз сау болады. Таңдау өзіңізде!

Құралай ҚҰРМАНӘЛИЕВА,
«Өзенмұнайгаз» АҚ
Әлеуметтік әкімшілік департаментінің аға маманы

Ой түрткі

Артық қоқыстан арылсақ...



Сіз бен біз өмірге дүние жинау үшін келген сияқтымыз. Жанталасып дүние жинап жүрміз. Дүние керек, әрине. Бірақ біз шектен шығып кеттік. Алтын аралықты ұмыттық. Біз бұл өмірге құр қол келеміз. Кетерде де өмір бойы жиғанымызды тастап кетеміз. Сол байлығымыздың барлығын жол соңында тастап кететінімізді біле тұра, көрсеқызырлықпен дүниені жинай бергеніміз дұрыс па?! Ойланып қараңызшы, ауыр жүк арқалағаннан гөрі жеңіл өмір сүрген жақсы емес пе?!

«Бұл дүниенің тіршілігі ермек қана» деп бабалар ескертіп тұрған жоқ па?! Сахабалар жалғанның барша жылтырақ алтынына көздерін тас жұмыпты. Сахаба болу қолдан келмесі анық, әйтсе де артық қоқыстан арылып, қажеті жоқ мүлік жинаудан бас тарту ақылды адамның қолынан келетін іс деп білемін.

Жақында бір тәмсіл оқыдым. Небір ығай-сығайлардың көзіне сұлу бойжеткен болып көрінген ку дүние «Мен ку дүниемін ғой. Мені адамдардың бәрі иеленгісі келеді. Бірақ мені ешкім қуып жеткен емес. Сонда да адамдар қайта шыға алмайтын тар, терең шұңқырға құлағанша артымнан жүгіруін қоймайды» дейді. Ой тастап тұр...

Түрік сатиригі Әзиз Несиннің бір кейіпкерінің «басымды бас емес, азық-түлік пен дүние-мүлік дүкені дерсің...» деген сөзін оқып, ішек-сілем қатып күліп алдым. Материалдық дүниеден азат, ақ ниетті адам боп өмір сүргенге не жетсін, қолдан келсе...

Сонымен, жұмыс үстелімізден бастайық... кабинетке кірсеік... Ескі-құсқыны, қажетсіз, жарамсыз қоқысты лақтыруға аямаңыз. Тез арада құтылыңыз. Қоқысты қолыңызға ұстап алып, базарда тұрғандай айналдыра қарап, «ай, осы 2000 бірдеңесінші жылы қажет болып қалуы мүмкін ғой» деп ойланып тұрмаңыз. Жауап біреу. Қолыңыздағы нәрсе ешқашан қажет болып қалмайды. Балқоныңыздың немесе шкафыңыздың бір бұрышында шаң-шаң болып, жағымсыз энергия шығарып жата береді. Қоқысты тастауды ұмытпаңыздар! Шелектен, жан-дүниеніңден, компьютеріңізден, өміріңізден!

Сарша СҮГІРӘЛІ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері.

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz

Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz

Бибігүл Бәбекбай – Psdso@umg.kmger.kz

Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Жанкелді Қаржан – Z_Karzhan@kbn.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30